Пән	Химия
Мұғалім	Нұрмолдина Мейрамгүл
Мектеп, сынып	Астана қаласы, Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі, 7Д сыныбы
Сабақ тақырыбы	Сұйытылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі

www.bilimland.kz

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	**7.3А. Химиялық реакция.** №9 зертханалық тәжірибе. Мырыштың сұйытылған тұз қышқылымен әрекеттесуі.
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар:** Реакцияны зерттейді. **Көпшілік оқушылар:** Сұйытылған қышқылдардың металдармен әрекеттесу реакцияларын жазады. **Кейбір оқушылар:** Газды қалай анықтағанын жазады.
Бағалау критерийі	Сұйытылған қышқылдардың бірқатар металдармен әрекеттесу реакциясын зерттейді.
Тілдік мақсаттар	**Пәнге тән лексика мен терминология:** сынауық, тұрғы, тұз қышқылы, мыс, мырыш, темір, магний, қауіпсіздік ережесі. **Диалог жасау үшін тіркестер**: Қышқылдармен жұмыс жасау қауіпті, себебі..... **теріні күйдіреді.**
Құндылықтарға баулу	Жалпыұлттық идеяларды жүзеге асыру (жаһандық жылыну), адалдық, жауапкершілік.
АКТ-ны қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта және слайд.
Алдыңғы бөлім	7.3А. Химиялық реакциялар

Сабақ барысы:

Сабақ кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	**I Ұйымдастыру бөлімі** Сыныпта ынтымақтастық қалыпты оқу ортасын қалыптастыру. Сәлемдесу, түгендеу. Көңіл күйлерін сұрау, бас бармақ әдісімен көрсету. Өткен сабақта қышқылдар туралы тақырып болғанын естеріне түсіріп, сол тақырып бойынша күнделікті өмірде кездесетін табиғи қышқылдарды атау. Ол үшін сыныпты 3 топқа бөлеміз. Алдарында тұрған суреттер бойынша бөлініп, орындарына отырады. Топтың атын өздері қояды. **1-топ:** Лимон қышқылы. **2-топ:** Алма қышқылы. **3-топ:** сүт қышқылы. **II Өткен сабақта пысықтау** Өткен сабақта қандай тақырып өттік? Қышқылдар табиғатта қандай болады? Үй тапсырмасын тексереміз. Мысалдар келтіреміз. Қышқылдар мен негіздер индикаторларда түсін қалай өзгертеді? деген сұрақ қою арқылы сабақты пысықтау, топтарға тапсырма беру. **1-топ:** Мына қышқылдардың атын ата: HCl, HNO_3, H_2SO_4. **2-топ:** Мына негіздердің атын аты: $NaOH$, KOH. **3-топ:** Мына индикаторлардың түсі қандай?	Слайд 1-3 www.bilim.kz Интербелсенді тақта Слайдwww.bilim.kz

Лакмус –
Фенолфталеин –
Метилоранж –
Дұрыс жауап берген оқушыларды смайликтермен бағалау.
Топтарға тапсырма беру арқыры барлық оқушыларды жұмылдыру.

1-тапсырма. www.bilimland.kz



2-тапсырма. www.bilimland.kz



3-тапсырма. www.bilimland.kz





https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/bei-organikalyq-ximiya/bei-organikalyq-qosylystardyng-mangyzdy-klastary/lesson/indikatorlar

	фенолфталеин	лакмус	метилоранж
негіздер			
қышқылдар			



https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/bei-organikalyq-ximiya/bei-organikalyq-qosylystardyng-mangyzdy-klastary/lesson/qyshqyldar-1

Қышқылдар атына сай дәмі қандай болады? Ендеше барлығымыз мына видеоны көріп. Тақырыбымызды болжап көрейік.
Видеодан не көріп тұрсыңдар? Яғни қышқылдың алюминиймен әрекеттесуін көріп тұрмыз. Сонымен бүгінгі тақырыбымыз «Қышқылдардың металдармен әрекеттесуі» деп аталажы. Қандай мақсат қоя аламыз? Қышқылдар барлық металдармен әрекеттесе ала ма? Соны зерттеп көрейік.



https://www.youtube.com/watch?v=nqEuWiDRVjc



https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/bei-organikalyq-ximiya/bei-organikalyq-qosylystardyng-mangyzdy-klastary/lesson/qyshqyldar-men-negizderding-reakcziyalary

Ол үшін 4 сынауыққа тұз қышқылын құйып, бірінші сынауыққа темір ұнтағын, екінші сынауыққа магний түйіршегін, үшінші сынауыққа мырыш, төртінші

<table>
<tr><td></td><td>сынауыққа мыс саламыз. Бақылау жүргізу. Жұмыс бойынша қорытынды шығару. Жүргізілген реакциялардың теңдеуін сөзбен жазу. Тақтада 4 оқушы реакция жүргізгенде сутек газының бөлінгенін және тұз түзілетінін жазады. 4 оқушыны смайликтер беру арқылы бағалау. Барлық оқушылар дәптерлеріне реакция теңдеулерін жазады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Сабақты бекіту: «Дұрысын тап» ойынын ойнату.
Ойын шарты: Сұрақтың дұрыс жауабын анықтау.
1) Теріге қышқыл ерітіндісі тигенде қандай затпен бейтараптайды?
А) ас содасы; В) ас тұзы; С) натрий карбонаты;
2) Қышқылдық ортада лакмустың түсі қалай өзгереді?
А) қызарады; В) көк; С) түссіз;
3) Сілтілі немесе негіздік ортада фенолфталеиннің түсі қалай өзгереді?
А) көк; В) таңқурай; С) сары.

Жаңа тақырып бойынша мына тапсырманы орындайық . Мына металдарды K, Hg, Ni, Al, Fe, Pt, Pb, Na, Cu, Sn, Ag, Mg, Au. 2 бағанға бөліп жазыңдар:
<table>
<tr><td>Қышқыл ерітіндісінен сутекті ығыстыратын металдар:</td><td>Қышқыл ерітіндісінен сутекті ығыстырмайтын металдар:</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Оқушылар ауызша орындайды. Жауап берген оқушыларды мадақтау және бағалау. Әр топқа алдарына «Білім ағашы» беріледі. Әр оқушы осы білім ағашында білім деңгейлерінің қай деңгейде тұрғанын анықтайды. Әр топтан бір оқушы тақтада қорғайды. Әр топта қанша смайлик жинағандары бойынша сабаққа қай топ белсенді қатысқанын анықтаймыз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td> 

Үйге тапсырма: 66-68 беттерді оқу.
Әр оқушыға стикерлер таратылады.
Бүгінгі сабақта:
Не білдіңіз? Не үйрендіңіз? Нені үйренгіңіз келеді?</td><td></td></tr>
</table>